

"АКТAL Ltd" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің конкурстық массасын сатудың ерекше шарттары мен тәртібі туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 30 қыркүйектегі N 977 Қаулысы

"Банкроттық туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 21 қаңтардағы Заңының 2-бабының 4-тармағына сәйкес, Маңғыстау облысының "АКТAL Ltd" жауапкершілігі шектеулі серіктестігін банкрот деп тануға байланысты Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1 . М ы н а л а р д ы :

1) өндірістің біртұтас өндірістік-технологиялық циклін қамтамасыз ететін мүлікті бірыңғай лотпен сатуды;

2) бірыңғай лотты сатудың бірінші және екінші кезектегі кредиторлар талаптарының сомаларынан төмен емес ең төменгі бағасын, сондай-ақ әкімшілік шығыстарды белгілеуді көздейтін "АКТAL Ltd" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің конкурстық массасын сатудың ерекше шарттары мен тәртібі белгіленсін .

2. Бірыңғай лотты сатып алушыларға мынадай:

1) өндірістік-технологиялық циклдің тұтастығын қамтамасыз ету жөніндегі;

2) бірыңғай лотты сатып алу-сату шартын жасасқан сәттен бастап алты ай ішінде өндірісті қайта жаңарту жөніндегі;

3) "АКТAL Ltd" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің қызметкерлерімен еңбек шарттарының үздіксіздігін қамтамасыз ету және осы шарттар бойынша міндеттемелер қабылдау жөніндегі;

4) радиоактивті қалдықтарды кейіннен кәдеге жарата отырып, оларды қауіпсіз сақтауды қамтамасыз ету жөніндегі міндеттемелерді қабылдауды көздейтін қосымша талаптар белгіленсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі